

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Сауалнама жүргізілген кезең: 2025 жылғы 29 желтоқсан - 2026 жылғы 6 қаңтар

Респондент саны: 13

(AERC, Alatau City Bank Analytics, Alatau City Invest, BCC Invest, Citigroup, Halyk Finance, ING, NAC, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Ренессанс Капитал, Фридом Финанс, Эксперт РА)

Сауалнама нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

| Көрсеткіш | 2025 (факт) | 2028 | 2028 | 2028 |
|--|---------------------|-------------------------|-------------------------|--------------|
| Brent маркалы мұнай бағасы 1 баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен | 69,1 | 62,5 (63,8) | 64,1 (64,1) | 67,5 |
| ЖІӨ %, ж/ж | 6,5* | 4,8 (4,9) | 4,4 (5,0) | 4,2 |
| ТБИ %, желт. өткен жылғы желт. | 12,3 | 10,8 (10,0) | 6,9 (7,0) | 6,5 |
| Базалық мөлшерлеме жылдық %, жыл соңына | 18,0 | 16,0 (16,0) | 12,5 (13,0) | 10,0 |
| Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл. | 67,4* | 88,0 (88,0) | 91,6 (94,3) | 97,8 |
| Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл. | 57,3* | 77,0 (77,0) | 79,0 (79,0) | 84,0 |
| USD/KZT бағамы жылына орта есеппен | 521,4 | 537,0 (548,2) | 559,5 (565,0) | 580,0 |
| Бейтарап базалық мөлшерлеме** жылдық % | 9,0 (9,0) | | | |
| ЖІӨ-нің ұзақмерзімді өсуі*** %, ж/ж | 4,0 (4,1) | | | |

МҰНАЙ БАҒАСЫ. 2026 жылға арналған мұнай бағасы бойынша болжамдар – барреліне 63,8 АҚШ долларынан **62,5** АҚШ долларына дейін – төмендеу жағына қайта қаралды. 2027 жылға арналған бағалау **64,1** АҚШ доллары деңгейінде сақталды. 2028 жылға қатысты күтулер барреліне **67,5** АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты.

ЖІӨ. Респонденттердің пікірінше, экономика болжам кезеңінде мейілінше теңгерімді өсу қарқынына қарай ұмтылады. ЖІӨ өсімі бойынша 2026 жылға арналған бағалаулар 4,9%-дан **4,8%**-ға дейін, 2027 жылға – 5,0%-дан **4,4%**-ға дейін айтарлықтай төмендетілді. 2028 жылы экономиканың өсуі **4,2%** деңгейінде күтіледі.

* ЖІӨ – 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығындағы алдын ала деректер, экспорт/импорт – 2025 жылдың 9 айы бойынша Ұлттық Банктің есептік деректері

** Ақша-кредит саясатының ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, ал ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұруына мүмкіндік беретін базалық мөлшерлеменің деңгейі

*** 5 жыл көлемінде әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

ТБИ. 2026 жылға арналған инфляция болжамы 10,0%-дан **10,8%**-ға дейін жоғарылау жағына қайта қаралды. 2027 жылға арналған бағалаулар көп өзгеріске ұшырамай, **6,9%** деңгейінде қалыптасты. 2028 жылы инфляция **6,5%** деңгейінде күтіледі.

БАЗАЛЫҚ МӨРШЕРЛЕМЕ. Респонденттер 2026 жылдың соңында базалық мөлшерлеме **16,0%** деңгейінде сақталады деп болжайды. 2027 жылға арналған медианалық бағалау 13,0%-дан **12,5%-ға** дейін төмендеді. 2028 жылы инфляциялық қысымның бәсеңдеуі аясында базалық мөлшерлеме **10,0%**-ға дейін төмендейді деп күтіледі.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Бағалауларға сәйкес, 2026 жылы тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі **88,0** млрд АҚШ доллары деңгейінде болады деп күтіледі. 2027 жылға арналған болжам 94,3 млрд АҚШ долларынан **91,6** млрд АҚШ долларына дейін біршама төмендетілді, бұл экономикалық өсім қарқыны бойынша жаңартылған бағалауларымен де үйлеседі. 2028 жылы экспорт көлемі **97,8** млрд АҚШ доллары деңгейінде күтіледі.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. 2026 және 2027 жылдарға арналған импорт көлемі бойынша болжамдар тиісінше **77,0** және **79,0** млрд АҚШ доллары деңгейінде сақталды. 2028 жылға арналған бағалаулар **84,0** млрд АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты.

USD/KZT БАҒАМЫ. Сарапшылардың бағалауынша, болжамды кезеңде теңге бағамына қатысты күтулер жақсара түсті. 2026 жылға арналған болжам теңгенің нығаюын ескере отырып 1 АҚШ доллары үшін 548,2 теңгеден **537,0** теңгеге дейін қайта қаралды. 2027 жылға қатысты бағалаулар да төмендетіліп, 565,0 теңгеден **559,5** теңгеге дейін қайта есептелді. 2028 жылы USD/KZT бағамы орташа есеппен 1 АҚШ доллары үшін **580,0** теңге деңгейінде қалыптасады деп күтіледі.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Базалық мөлшерлеменің мәні, яғни ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты, ал ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік беретін деңгей – аналитиктердің бағалауы бойынша – **9,0%** (бұрын да – **9,0%**).

ЖІӨ-нің ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ. Респонденттер 5 жыл шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын **4,0%** деңгейінде бағалап отыр.

Болжам диапазонының кеңдігі және жекелеген макроэкономикалық көрсеткіштер динамикасының әркелкі болуы аналитиктердің бағалауында белгісіздік сақталып отырғанын көрсетеді. Мұнай нарығына қатысты бағалаулар ұстамды қалпында қала берсе, айырбас бағамы бойынша күтулер жақсару жағына қайта қаралды. Импорт көлемінің өсуімен бірге, ЖІӨ траекториясы әлеуетті деңгейге қарай жақындап келеді, ал инфляциялық қысым ортамерзімді кезеңде жоғары деңгейде сақталады.